

## Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейінің өткізген жиналысының хаттамасы № 7

Өткізілген күні: «03» маусым 2026 жыл

Өткізілген орны: Шет аудандық археологиялық-этнографиялық музейі

Қатысқандар саны: 8 адам

Күн тәртібі:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелері.

Мекемеде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу шаралары.

Қызметтік әдеп нормаларын сақтау туралы түсіндіру жұмыстары.

Тыңдалды: музей басшысы С.Қамытбаева “Адалдық сағаты” кездесу барысында қатысушыларға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптары түсіндірілді. Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсері, оның алдын алу жолдары және әрбір азаматтың заң талаптарын сақтау жауапкершілігі туралы айтылды.

Сонымен қатар, мекеме қызметкерлеріне қызметтік міндеттерін адал атқару, мүдделер қақтығысына жол бермеу, мемлекеттік және қоғамдық мүлікке ұқыпты қарау мәселелері бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Шешім қабылданды:

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу.

Қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды жалғастыру.

Қызметтік әдеп қағидаларын қатаң сақтау және заң талаптарын орындауды қамтамасыз ету.

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



С.Қамытбаева

Б.Баяманова